

**2024- 2025 оқу жылындағы өткізілген ата- аналар жиналысы**  
**Хаттамасы №1**

**Жиналыстың өткізілген уақыты: 25.04.2025 ж**

**Қатысқандар саны: 25**

**Таратылған жадынама саны: 25**

**Тақырыбы: «Баланың қауіпсіздігін сақтау»**

**Күн тәртібінде:**

1.« Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау» тақырыбында қаралды

2.Ата –аналар пікірі

Тыңдалды: №45 «Алтын бала» бөбекжай- балабақшасының меңгерішісі Жусупова Ш.Т ата –аналар жиналысында жазғы демалыстағы жалпы қауіпсіздік ережелері қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болатының айтып өтті. Ата - ана баласына көшеге, дүкендерге барған кезде үнемі мынаны ескертіп отыруы қажет екенің ескертті.

Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспеңіз :

Мас және қауіпті адамнан алыс жүр және т.б

Сені артыңнан бөтен адам қуса көпшілік арасына жүгіріңіз;

Танымайтын адаммен еріп кетуге немес бөгде авто көлікке отыруға болмайды;

Сонымен қатар бірнеше мысалдар, болған жағдаяттарды атап өтті. Баларды қандай жағдайда болсын қатаң қадағалау керек екенін айтты.

Медбике Жанабергенова Д сөз алып жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігін тілсіз жау - өрттен, суға түсу, рұқсатсыз табиғат аясына шығу т.б жағдаяттардан мұқият болу керек тігін түсіндірді. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек;
- Баланың тамақ ішер алдында қол жууды әдетке айналдыруын қадағалаңыз;
- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қаупі артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз;
- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз;

- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, әткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз;
- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз.
- Жазғы демалыс кезінде балаларыңыз әрине көлге барып суға жүзгілері келеді, бірақ ондай жағдайда ӨЗДЕРІҢІЗ жанында болуларыңыз міндетті деп сөзін аяқтады.

Психолог: Шангалаева Р Бүгінгі кездесуіміз «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау» тақырыбында болғандықтан жедел қызметтердің деректері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың жарақаттануы және қаза болуы көбінесе өрт шығу, жол жүру ережелерінің бұзылуы, өзен-көлдерде шомылу ойын кезінде орын алады. Қауіп табиғи апаттардан, уландырғыш заттардан, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудан және т.б. туындайтының айтып өтті.

Балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті екенің түсіндірілді.

Күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет:

- баламен әңгімелесіңіз, өмірді сақтауға көмектесетін ережелерді түсіндіріңіз;
- балаларға тұрмыста, көшеде және жолда өзі-өзі дұрыс ұстауға үйретуде үлгі көрсетіңіз;
- мектепке дейінгі ұйыммен байланыста болыңыз: топ тәрбиешілерінің, әдіскердің, мектепке дейінгі ұйым басшысының байланыс телефондарын жазып алыңыз;
- баланың күні бойы қай жерде жүргенін білу қажет: бала тәулігіне 24 сағат ата-аналардың бақылауында, қамқорлығы мен назарында болуы тиіс;
- балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз, балалардың уақыты немен өтетінін бақылау жайында жадынама таратылды.

**Қорытынды:** Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау балабақшада және отбасында жүзеге асырылсын. Баларды қандай жағдайда болсын қатаң қадағалау.

Ұсыныс: Ата –аналар тарапынан балаларының қауіпсіздігін ата –ана қамқорлығы деп ұсынысты қолдады.

Психолог : Шангалаева Р

